

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелердің растау қағидаларын және кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімнің нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16603 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 92-бабы 4 және 6-тармақтарына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді беру туралы шешімнің нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге бас тарту туралы шешімнің нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Кедендік баждарды төлеу мерзімін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 398 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11918 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 9 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне

ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ Ө. Шөкеев

2018 жылғы 28 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ж. Қасымбек

2018 жылғы 23 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов

2018 жылғы 26 ақпан

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 14 ақпандағы
№ 180 бұйрығына
1-қосымша

Кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 29.09.2020 № 933 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 92-бабы 4 және 6-тармақтарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Кедендік әкелу баждарын төлеуін мерзімдерін өзгерту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңыздылығы бар қалалары мен астана бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі

3. Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Кедендік әкелу баждарын төлеуін мерзімдерін өзгерту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге

қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдау туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Заңда өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды адамның электронды цифрлық қол қоюымен расталған электрондық құжат нысанында алады.

Оларда қамтылған ақпараттар мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алынған жағдайда құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құжаттарды қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мерзімі олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушы келу тәртібімен Мемлекеттік корпорацияға қағаз жеткізгіште толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда:

1) 15 (он бес) минут ішінде – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және тіркейді және оларды қабылдағаны туралы қолхат береді;

2) 1 (бір) жұмыс күні ішінде – курьерлік және (немесе) пошталық байланыс және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі;

Мемлекеттік корпорациясына жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 1-қосымшасының 8-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын табыс етпеген жағдайда, сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорациясының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

4 (төрт) сағат ішінде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері курьерлік және (немесе) пошталық байланыс, және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы ұсынған құжаттарды қабылдайды, ЭҚАБЖ-да тіркейді және құжаттар топтамасын қарау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оның міндетін атқарушыға береді, ол көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы Қағидалардың 4-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтініште көрсетілген мәліметтердің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың Кодекстің 92-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Осы Қағидаларға сәйкес, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ақпарат болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері ұсынылған құжаттар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылған құжаттар топтамасы қандай талаптарға сәйкес келмейтінін және оны сәйкес келтіру мерзімін көрсетеді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкестендіру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны талаптарға сәйкес келтірмеген болса, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

Егер мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер анықталған болса, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын-ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (әдісі) туралы хабарлау алдын-ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күн бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша хаттама жасалады және көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Бұл жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының сұрауы болған жағдайда, тыңдау рәсімі жүргізілмеуі мүмкін.

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру туралы не осы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беруден бас тарту туралы шешім мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оның міндетін атқарушы тұлғаға жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды және Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошталық байланыс, және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы жіберіледі.

1 (бір) жұмыс күні ішінде – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында айқындалады.

Осы Қағидаларға өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізу кезінде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер (және) немесе толықтырулар туралы ақпаратты электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Бірыңғай байланыс орталығына және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметшілерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

6. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік

корпорация басшысының атына, немесе ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес Заңның 4-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Кедендік әкелу баждарын
төлеуді кейінге қалдыруды
немесе бөліп төлеуді ұсыну
үшін негіздемелерін растау
қағидаларына
1-қосымша

"Кедендік баждарды төлеу мерзімін өзгерту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңыздылығы бар қалалары мен астана бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күн
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді туралы шешім немесе кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге бас тарту туралы шешім
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз ұсынылады
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері

дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркелу орны бойынша жедел қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібінде жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады.

Мемлекеттік корпорация арқылы:
1) осы Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) өтінішке кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну және "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 92-бабы 2-тармағында көрсетілген негіздемелерін растау үшін қажетті құжаттардың тізбесі қоса беріледі:

төлеушіге дүлей зілзала, технологиялық апат немесе еңсерілмейтін күштің өзгеде мән-жайлары нәтижесінде залал келтірілген кезде:

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының және оның аумақтық бөлімшелерінің және (немесе) индустрия және индустриялық-инновациялық қызмет салаларында өнеркәсіптік қауіпсіздік және оның аумақтық бөлімшілері бөлігіндегі азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің төтенше жағдайлар туралы жазбаша растауы;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар;
кедендік әкелу баждарын төлеушіге мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеу кідірілген кезде:

мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеуді кідірту туралы мемлекеттік бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің жазбаша растауы;

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар;
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде тауарларды жеткізуді жүзеге асыру кезінде:

Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттарының расталған көшірмелері;

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар;
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына, көшет немесе себу материалдарын, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын, асыл тұқымды мал шаруашылығы объектілерін (асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын, құстарды, балықтарды және асыл тұқымды мал шаруашылығының басқа объектілерін), асыл тұқымды өнімді (материалды), жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын өнімдерді әкелу не оларды көрсетілген ұйымдар үшін жеткізу кезде:

ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы немесе куәлігі, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады;

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар;
Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) айқындайтын өзге де негіздер болған кезде өтінішке кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі Комиссиямен айқындалады

Кодекстің 92-бабы 3-тармағында көрсетілген негіздемелерді растау үшін өтінішке кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін тауарларды, оның ішінде шикізатты, материалдарды, технологиялық жабдықты, олардың құрауыштарын мен оның қосалқы бөлшектерін әкелу кезінде:

шикізаттың, материалдардың, технологиялық жабдықтың, оларды өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін құрауыштар мен оның қосалқы бөлшектерін, сондай-ақ коммерциялық құжаттарын жеткізу туралы шарт (келісімшарт); әкелінетін тауарларды шикізат, материалдар, технологиялық жабдық, құрауыштар және оның қосалқы бөлшектері ретінде пайдалана отырып өндірудің технологиялық схемасы (өндірістің фрагменті);

3) кедендік әкелу баждарын бөліп төлеуді ұсынуы кезінде толтырылады кедендік әкелу баждарын бөліп төлеу кезеңінің кестесі қоса беріледі.

1) осы тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған, немесе мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған;

2) көрсетілетін қызметті алушының кедендік баждар, кедендік алымдар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан

	Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегінің болуы; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты банкроттық рәсім қозғалуы немесе құқық бұзушылық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалуы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің – www.kgd.gov.kz , www.minfin.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. 2) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. 3) Бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 1414, 8-800-080-7777.

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидаларына
2-қосымша
нысан

(заңды тұлғаның толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) (бұдан әрі – аты-өні)

(заңды мекен-жайы)

(нақты мекен-жайы немесе тұрғылықты жері)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекен-жайы, телефон)

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге туралы шешім қабылдау өтініші

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 92-бабының 6-тармағына сәйкес кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы шешім қабылдауды сұраймыз.

Шарт (келісімшарт), коммерциялық құжаттар

_____ (нөмірі (ол
болған кезде) және күні)

№	Тауардың атауы және сипаттамасы	Тауардың саны (өлшем бірлігінің көрсетілуімен)	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі - ЕАЭО СЭҚ ТН)*

Тиісті ұяшықтың бірі X белгісімен белгіленеді:



кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру ұсыну туралы;



кедендік әкелу баждарын бөліп төлеуді ұсыну туралы.

Кедендік әкелу баждарын төлеу мерзімдерін өзгерту мына негіздемелер бойынша іске асырылады (тиісті ұяшықтың бірі X белгісімен белгіленеді):



Кодекстің 92-бабының 1-тармағына сәйкес;



кедендік әкелу баждарын төлеушіге дүлей зілзала, технологиялық апат немесе мән-жайлары салдарынан зиян келтіруі өзге еңсерілмейтін күш;



кедендік әкелу баждарын төлеушіге мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеуді кідіртуі;



Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде жеткізулерді жүзеге асыруы;



ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына, көшет немесе егу материалдарын, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын, асыл тұқымды мал шаруашылығы объектілерін (асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын, құстарды, балықтарды және асыл тұқымды мал шаруашылығының басқа объектілерін), асыл тұқымды өнімді (материалды), жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын өнімдерді әкелген не олар көрсетілген ұйымдар үшін берілген кезде;



өнеркәсіптік өңдеуге, оның ішінде шикізатты, материалдарды, технологиялық жабдықты, оның жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін пайдалану үшін тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (кедендік әкелу баждары төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің пайыздар төлеумен).

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге туралы шешім қабылдау кезінде тыңдауды өткізу қажет етеме

(тиісті ұяшықтың бірі X белгісімен белгіленеді):



ия, қажет етеді



жоқ, қажет етпейді

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің берілген мерзімі:

_____ (айдың саны)

Төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді ұсынуда төлеуге жататын кедендік әкелу баждардың сомасы

** _____ (теңгеде)

Бөлім кедендік әкелу баждарын бөліп төлеуді ұсынуы кезінде толтырылады кедендік әкелу баждарын бөліп төлеу кезінде кезеңімен бөліп төлеу кестесі:

№	Кедендік әкелу баждардың сомасы , теңгеде	Кедендік әкелу баждардың төлеу мерзімі
1		
2		
...		****
Барлығы***		

Өтінішке осы Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидаларының 1-қосымшасының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын қоса береміз:

_____ (нөмірі (ол болған кезде) және күні)

Ескертпе:

* Баған кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді Кодекстің 92-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында және 3-тармағында белгіленген негіздер бойынша сұратылған кезде толтырылады, бұл ретте ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарлардың сыныпталуының дұрыстығы кедендік декларациялауда кезінде айқындалады.

** Кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді қатысты берілген кедендік әкелу баждарын төлеу сомасы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленетін, кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру туралы өтініш тіркеген күні қолданыста болатын валюталар айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша жүргізіледі.

*** Кедендік әкелу баждардың қортынды сомасы төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді ұсынуда төлеуге жататын кедендік әкелу баждардың сомасына тең болуы керек.

**** Кедендік әкелу баждарын төлеудің соңғы мерзімі кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің берілген мерзімнен аспауы керек.

--	--

____ заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	қолы
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------

Кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидасына
3-қосымша
нысан

(аты-жөні (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидаларына
4-қосымша

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, (болған кезде) әкесінің аты (бұдан әрі – аты-жөні), не ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.04.2023 № 426 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының филиалының №____ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің Қағиданың 1-қосымшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын

табыс етпеуіңізге сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты "Кедендік әкелу баждарын төлеуін мерзімдерін өзгерту" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың және қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____;

3)....

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

Аты-жөні (болған кезде) (Мемлекеттік корпорациясының қызметкері) (қолы)

Орындаушы: аты-жөні (болған кезде) _____

Телефон _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының аты-жөні / қолы

20__ жыл " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2018 жылғы 14 ақпандағы
№ 180 бұйрығына
2-қосымша
нысан

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге туралы шешім

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ 20__ жылғы " __ " _____

_____ (мемлекеттік кірістер органдарының атауы)

) 20__ жылғы " __ " _____ № _____ кедендік әкелу баждар төлшінің өтініші _____

_____ (өтініш

берушінің атауы) _____

_____ (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе или бейрезиденттің бірегей сәйкестендіру нөмірі неризидента)

Келісім (келісімшарт), коммерциялық құжаттар: _____

_____ (нөмірі (ол болған кезде) және и мерзімі)

№	Тауардың атауы және сипаттамасы	Тауардың саны (өлшем бірлігінің көрсетілуімен)	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы*
---	---------------------------------	------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------

1. Тиісті екікөздің бірі X белгісімен белгіленеді:

<input type="checkbox"/>	кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру ұсыну туралы;
<input type="checkbox"/>	

кедендік әкелу баждарын бөліп төлеуді ұсыну туралы.

2. Кедендік әкелу баждарын төлеу мерзімдерін өзгерту мына негіздемелер бойынша іске асырылады (тиісті көздердің бірі X белгісімен белгіленеді):

<input type="checkbox"/>	кедендік әкелу баждарын төлеушіге дүлей зілзала, технологиялық апат немесе мән-жайлары салдарынан зиян келтіруі өзге еңсерілмейтін күш;
<input type="checkbox"/>	кедендік әкелу баждарын төлеушіге мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеуді кідіртуі;
<input type="checkbox"/>	Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде жеткізулерді жүзеге асыруы;
<input type="checkbox"/>	ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына, көшет немесе егу материалдарын, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын, асыл тұқымды мал шаруашылығы объектілерін (асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын, құстарды, балықтарды және асыл тұқымды мал шаруашылығының басқа объектілерін), асыл тұқымды өнімді (материалды), жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын өнімдерді әкелген не олар көрсетілген ұйымдар үшін берілген кезде;
<input type="checkbox"/>	өнеркәсіптік өңдеуге, оның ішінде шикізатты, материалдарды, технологиялық жабдықты, оның жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін пайдалану үшін тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (кедендік әкелу баждары төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің пайыздар төлеумен).

3. Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің берілген мерзімі:

_____ (айдың саны)

4. Төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді ұсынуда төлеуге жататын кедендік әкелу баждардың сомасы**

_____ (теңгеде)

5. Бөлім кедендік әкелу баждардың бөліп төлеуді ұсынуы кезінде толтырылады кедендік әкелу баждарын бөліп төлеу кезінде кезеңімен бөліп төлеу кестесі бекітіледі:

№ т/б	Кедендік әкелу баждардың сомасы , теңгеде	Кедендік әкелу баждардың төлеу мерзімі
1		
2		
...		****
Қорытынды***		

Ескертпе

* Кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 92-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, 3-тармақтарына айқындалған негіздердің болуын қатар толтырылады, бұл ретте СЭҚ ТН сәйкес тауарлардың классификациясы кедендік декларациялауда дұрыстығы айқындалады.

** Кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді қатысты берілген кедендік әкелу баждарын төлеу сомасы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленетін, кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді беру туралы өтініш тіркеген күні қолданыста болатын валюталар айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша жүргізіледі.

*** Кедендік әкелу баждардың қортынды сомасы 3 бөлімде көрсетілген кедендік әкелу баждардың сомасына тең болуы керек

**** Кедендік әкелу баждарын төлеу күні осы шешімнің 3 тармағында көрсетілген мерзімнен аспауы керек.

_____	_____
Шешімді қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты (ол болған кезде)	КОЛЫ
_____	_____
Шешімге қол қойған мемлекеттік кірістер органның басшысы немесе орынбасары аты, тегі, әкесінің аты (ол болған кезде)	КОЛЫ

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2018 жылғы 14 ақпандағы
№ 180 бұйрығына
3-қосымша
нысан

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге бас тарту туралы шешім

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2021 № 943 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ 20__ жылғы "___" _____
_____ (мемлекеттік кірістер органдарының атауы)
20__ жылғы "___" _____ № _____ кедендік әкелу баждар
төлеушінің өтініші _____
_____, (өтініш берушінің атауы) _____
_____ (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

немесе или бейрезиденттің бірегей сәйкестендіру нөмірі) Келісім (келісімшарт),
 коммерциялық құжаттар: _____
 _____ (нөмірі (ол болған кезде) және и мерзімі) Тауар: _____
 _____ (тауардың сипаттамасы, саны және
 тауардың өзге мінездемесі)

Келесі негіздер бойынша кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге бас тарту туралы шешім қабылданды (тиісті көздердің бірі Х белгісімен белгіленеді):

<input type="checkbox"/>	кедендік әкелу баждарын төлеуін кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерді растайтын құжаттар тапсырылмаса
<input type="checkbox"/>	төлеушінің кедендік әкелу баждарын төлеу мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдарды төлеу бойынша берешегі бар болса
<input type="checkbox"/>	Кедендік әкелу баждарын төлеушіге қатысты банкроттық рәсімі қозғалған болса
<input type="checkbox"/>	Кедендік әкелу баждарын төлеушіге қатысты қылмыстық құқық бұзшылық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалғса, қабылдана

_____ Шешімді қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты (ол болған кезде)	_____ қолы
_____ Шешімді қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты (ол болған кезде)	_____ қолы